

№ 5
дәріс

5-дәріс тақырыбы:

Химиялық білім беру қызметтері.

Жоспары:

- a. Химиялық білім беру қызметтері.
- b. Оқытудың дидактикалық принциптерінің мән-мағынасы.

5.3. Оқытудағы дидактикалық принциптердің негізгі түрлері.

Тезистері:

- a. Химиялық білім беру қызметтері.

Химиялық білім беру қызметтері: мәдениет қалыптастырушы, ізгілендіруші, адамгершілік-тәрбиелік, дамытушылық, дүниетанымдық, экологиялық және кәсіби бағдар беруші.

Химиялық білім берудегі кіріктіруші, кешенді, жеке тұлғалық-іс-әрекеттік, құндылыққа бағдарлаушы және жеке тұлғаға бағыттаушы ыңғайлардың қызметтері. Әлеуметтік-педагогикалық ыңғай химиялық білім беру проблемаларын зерттеудегі іргелі стратегия іспеттес.

- b. Оқытудың дидактикалық принциптерінің мән-мағынасы.

Дидактикалық принциптер – педагогикалық категория. «Принцип» терминінің этимологиясы. Ғалымдардың (Т.А. Ильина, Г.И. Щукина т.б.) «принцип» ұғымы жөніндегі тұжырымдары. Дидактикалық принциптердің түрлері: ғылымилық, түсінікті болу, жүйелілік, сабақтастық, көрнектілік, білімді берік меңгеру, оқытудағы саналылық, теория мен практиканың байланысы, оқытудың тәрбиелілік және дамытушылық принциптері. Дидактикалық принциптердің өзара байланыста, бірлікте пайдаланудың маңызы. Дидактикалық принциптердің әдістемелік принциптермен байланыста пайдаланылуы: тірі табиғат пен өлі табиғаттың бірлігі; органикалық дүниенің тарихи дамуы және бірлігі; тірі табиғат құбылыстары мен процестерінің арасындағы себеп-салдар байланысы; тіршіліктің құрылымдық деңгейлері т.б.

5.3. Оқытудағы дидактикалық принциптердің негізгі түрлері.

Оқытудың ғылымилық принципі. Химияның ғылымда қабылданған деректер, ұғымдар, заңдар мен теорияларға сүйеніп оқытылуы. Оқытудың ғылымилық принципінің тек оқулық мазмұнында ғана емес, ОӘК-лерде, білімді тексеру мен бақылауға арналған өзге де құралдарда сақталу керектігі. Пәнді оқыту әдістемесінің ғылымның дамуына қарай өзгеруі. Кешенді химия ғылымын мектепте оқыту тәртібі, химия ғылымының кейбір бағыттарының таңдамалы (элективті) курстарға шығарылып оқыту қажеттілігі. Мектеп химиясын оқытуда химия ғылымының негіздерін, мазмұнын іріктеу, бейімдеп пайдалану. Осы кезде дидактикалық және әдістемелік принциптер бірлігін сақтаудың маңызы. Жалпы оқу-тәрбие беру процесінің ғылымилық принципке сәйкес құрылуы.

Оқытудың тәрбиелік және дамытушылық принципі. Тәрбиелеу мен дамытудың (мақсат, қызмет ретінде) педагогикалық процестегі бірлігі. К.Д. Ушинскийдің «Мектептің үш элементі» («Три элемента школы») атты еңбегі, оның маңызы. Оқытудың ғылым негіздерін берік әрі саналы игерудегі бағыттаушы рөлі, осы қызметтің нәтижелілігіне оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, дамытудың әсері.

	Тәрбиелеудің үнемі мақсатты жүзеге асырылуының маңызы. Оқыту барысында тәрбиелеу мен дамыту жолдарының дұрыс анықталуы, жүзеге асырылуы. <i>Оқытудың түсінікті болу принципі.</i> Оқу материалы мазмұнының оқушылардың жас ерекшелігіне сай болуы. Оқытуда ғылымилық пен түсінікті болу принциптерінің сақталмауынан туындайтын жағымсыз жағдай, осы принциптерді қатар оңтайлы сақтаудың шарттары. Түсінікті болу принципінің оқулықта сақталуындағы мәтіндік және көрнекі әдістердің, әдістемелік аппараттың маңызы. Практикалық мысал: 8-сынып химиясындағы «Химиялық реакциялардың типтері», т.с.с. процестерді түсінудегі қиындықтар, оларды оқушылардың түсінуіне көмектесетін әдіс-тәсілдер. Түсінікті болу принципімен бірге ғылымилық және оқытудың қалған барлық принциптерін ескеру, бұл байланысты дұрыс түсіну, кешендіктің маңызы. <i>Оқытудағы жүйелілік принципі.</i> Тірі табиғат біртұтастығын түсінудегі жүйелілік принципінің маңызы. Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци және т.б. ғалымдардың жүйелілік принципі жөніндегі тұжырымдары. Мектептегі биология пәні мазмұнының жүйелілік принципіне сәйкес тарихи қалыптасуы. В.Ф. Зеев пен А.Я. Гердтің жүйелілік принципі дамытуға қосқан үлестері. Мазмұнды жүйелілік принципі негізінде сыныптарға бөлу. Принциптің оқу материалын оңтайлы игеруге бағытталғандығы. Оқу материалы көлемінің ұлғаюына байланысты жүйелеу маңызының артуы, осы бағыттағы жаңа жолдардың іздестірілуі.
--	---